

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Педагогикалық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Педагогическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-2661

№ 2 (2025)

Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ03VPY00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

<https://doi.org10.48081/EZPK4817>

Бас редакторы – главный редактор

Аубакирова Р. Ж.

д.п.н. РФ, к.п.н. РК, профессор

Заместитель главного редактора

Жуматаева Е., *д.п.н., профессор*

Ответственный секретарь

Каббасова А. Т., *PhD доктор*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Мағауова А. С.,

д.п.н., профессор

Бекмағамбетова Р. К.,

д.п.н., профессор

Самекин А. С.,

доктор PhD, ассоц. профессор

Син Куэн Фунг Кеннет,

д.п.н., профессор (Китай)

Желвис Римантас,

д.п.н., к.псих.н., профессор (Литва)

Авагян А. В.,

д.п.н., ассоц. профессор (Армения)

Томас Чех,

д.п.н., доцент п.н. (Чешская Республика)

Шокубаева З. Ж.,

технический редактор

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

FTAMP 20.01.04

<https://doi.org/10.48081/UYVS9110>

**Е. Жуматаева¹, Г. Ж. Анесова², *А. Ж. Анесова³,
Ж. Ж. Кусаинова⁴, Н. С. Кожамкулова⁵**

^{1,2}Торайғыров университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

³Қ. Бекхожин атындағы жалпы орта білім беру мектебі,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

⁴С. Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

⁵Алматы гуманитарлы-экономикалық университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

*e-mail: anesova_albina@mail.ru

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4878-5463>

²ORCID: <https://orcid.org/0009-0002-8413-3427>

³ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2338-0996>

⁴ORCID: <https://orcid.org/0009-0000-2387-3793>

⁵ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-6668-7584>

МІРЖАҚЫП ДУЛАТОВТЫҢ ЕҢБЕГІНДЕГІ АДАЛ АДАМ БОЛУ МҮМКІНДІГІНІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Бұл мақалада мектептің білім алушыларына Міржақып Дулатовтың шығармашылығын инновациялық технологиямен оқытудың нұсқасын жасап, оның бүгінгі ізгілікті жан әлемін инновациялық технологиямен сомдауға қатысты рөлін айқындауға мән берілді. Алаш қайраткерлерінің ел мүддесін қорғауына үлес қосқан Міржақып Дулатов өзінің шығармаларын халқының әлауқатын жақсартуға, бұрынғы үйренішті өмір сүру дәстүрінен адасып қалған елінің мүшкіл жағдайын қалай жақсартамын деген көкейкесті мәселелерді шешуде оны өзінің ұстанымы ретінде іске асырғаны сараланған. Бұндай сүбелі еңбегінің 1904 жылы Арқадағы зиялы қауымның бас қосар орталығы Омбы қаласынан бастау алғаны байқалды. Жарияланып отырған мақаланың басымдық мәні жылдың мезгілдерін адам өмірімен байланыстырып, табиғаттың құдыреттілігін суггестивті тұрғыда бейнелеуі Абай Құнанбайұлы мен Ыбрай Алтынсарин өлеңдеріндегі идеялардан басқаша, жанры прозалық мәнде келгені, тәлім мен ізгілікті адал адам формуласына

сай тұстары және оған қайшы жақтары мәтіндеме­лерден матрицаға, таксономияға салынып, психологиялық-педагогикалық негіздері айқындалды. Автор жаз айын қыстан кейінгі уақыты «Көктем» ұғымы зақпиясының ішкі сарынында байқалады. Екінші алгоритммен «Жазғы кеш» өлеңі бұл нағыз жаздың өзі, «Шілде» – жаз айының шарықтау шегі. «Табиғат – қоғам – адам» топтамасындағы психологиялық жағдайлары, әлеуметтік – мәдени, біліми деңгейлері сараланды. Келесі алгоритммен «Күз» мезгілінің адамдарға тигізер тауқыметі, оны жеңудің жолы – адал еңбек екендігі мақалада матрицамен, герменевтикалық әдіспен ашылған. «Қыс» мезгілі адамдардың табиғат қаһарынан сақтануын суреттеп, адам баласының «Қыс – қысыл, жаз – жазыл» халық даналығы адамды ширатарлық мәнде қолданылуының өзі бұл еңбектің феноменін дәлелдейді.

Кілтті сөздер: қайраткерлер, ұлт, идея, әлеумет, философия, табиғат, суггестив, адал адам.

Кіріспе

Міржақып Дулатов Ыбырай мектебінің, Торғай қаласындағы уездік орыс-қазақ мектебінің түлегі болғандықтан, әлеуметтік, шығармашыл, саяси қызметі белсенділікпен, өзіндік пайымдамалармен жітілік, сергектік, тапқырлық сияқты оңтайлы қабілеттілікке ие болып есейген. Біздер пифагордың үшбұрышты философиялық өлшеміне салсақ, онда тән тәрбиесіне, жан тәрбиесіне, рухани қуат тәрбиесіне біліктілікпен қарауды әдетке айналдырып өмір сынақтарына шыдамдылық танытқан. Тән қуаты – материя, біліктілік білім мен ғылымның интеграциясы, уақыттың жұмсалыу эквиваленті, ал рухани қуат алдыңғы екеуінің үзіліссіз өркендеу траекториясы деп жүргеніміз бүгінгі өлшем кешегі пифагор өлшемі болып шығады. Білім философиясы – бар нәрсенің жоғалып кетпеуі тұрғысынан бағам жасауға мүмкіндік береді.

XX ғасырдың басы қазақ халқы үшін хал-ахуалының төмендеуіне байланысты қоғам өзгерісінің қажеттігін сезінетіндей жағдайлардың тууына әкелді. Патшалық Россия қазақ халқын билеуін Столыпін заңымен ұштастыруы сол кездегі саясаттың жасырын қулығы дер едік. Шаруалар мен босқындардың Қазақ даласына жаппай мекендеуінің өзі тек Столыпін заңымен ғана байланысты болмағаны кейіннен белгілі болған.

Жергілікті ұлт өкілдерінің оты-суы, шұрайлы жайылымдары келген жаңа қоныстанушыларға тартып алынған. Міне, осындай тауқыметі түйіткілді, шиеленісі шарықтау шегіне жеткен жағдай сол уақытта көздері

қырағы, ұлттық сана-сезімдері біліктілікпен оянған елінің болашағын ойлай бастаған қазақтың зиялы интеллектуалды жастарына аталған қым-қуат ситуациялар қозғау салғаны аңғарылды. Елін қорғау амалы деп ағарту жолын таңдаудың ешбір нәтижесінің болмауын Алаш өкілдері дер кезінде аңғарды. Соның ішінде, Міржақып Дулатов және т.б. Алаш қайраткерлері Ресейдің империялық саясатын тарихи деректемеден зерделегенін Тәуелсіз Қазақстан мәртебесіне қол жеткен кезде түсіндік

Материалдар мен әдістер

Мақсаты: Міржақып Дулатовтың еңбегіндегі «Адал адам» болу мүмкіндігінің педагогикалық негіздерін анықтау, 4 мезгілдегі адам басына түскен ауртпалыққа шыдамдылықты, өз істеріне адал болуды табиғат аясынан қуат ала отырып жүзеге асыру әдіс-тәсілдерін матрица мен таксономиямен дәйектеу. Адал адам болудың педагогикалық негіздерін анықтау: Адалдық, әділдік, жауапкершілік сияқты қасиеттердің жастарды тәрбиелеудегі рөлін көрсету.

Өзектілігі: Бүгінгі білім беру үдерісінде әрбір индивидтің табиғат аясынан өзіне қуаныш тауып, қуат көздерін толықтырып отыру мәнін Міржақып шығармашылығына сүйеніп игеру амалы педагогикалық негіздің тірегі. Табиғаттан нәр алу шеберлігі тән қуатын құнарландыру, жанға сая табу да табиғаттан игерілетін нысан. Әр мезгілдің адамға тигізер қуанышы және қиындығы бар. Сол қиындықтың өзін еңсеруге біліми дүниетаным қажеттігін аңғарып, әр адам өзіне-өзінің адал болуы болашақта бақытты болуды меңгертеді. Алаш қайраткерлерінің болашақ қамын ойлаулары, оны мезгіл арқылы байыптауға ұсынылуы ұлттық құндылықтың басымдығы деп танимыз. Жұмыстың бұндай түрлері жеке мүмкіндікке бағдарлануды нұсқалы тұрғыда ұсынады. Дулатовтың идеяларының қазіргі білім беру жүйесіне ықпалы мен олардың тиімділігін зерттеу.

Осылайша, тақырыптың мақсаты мен өзектілігі Міржақып Дулатовтың педагогикалық мұрасын зерттеу арқылы жастарды адал, жауапкершілікті азаматтар етіп тәрбиелеудің жолдарын анықтауға бағытталған.


Мақалада талдау, жинақтау, феноменін табу, силлогизм, суггестивті әдіс, перцептивті, апперцептивті қабылдау әдістері, жалқылау, жалпылау, ассимиляция, интериоризация және матрица, таксономия әдістері қолданылды.

Жергілікті ұлт өкілдерінің оты-су, шұрайлы жайылымдары келген жаңа қоныстанушыларға тартып алынғанына Міржақып Дулатов екпін жасаған. Міржақып жас кезінен біліммен халқының басына түскен тауқыметті жеңуге саяси-әлеуметтік интеллектінің қажеттілігін бағамдаған. Жиырма жасынан көзге түскен Міржақып қазақ Конституциялық-демократиялық

партиясының Оралдағы съезіне қатысады, соның делегаттарының санатында Міржақып 1906 жылы Петербургқа барады. Осы сапардан қайтқаннан кейін Мыржақыптың ішкі өз-өзіне сенімі беки түсіп, ұлттық демократиялық қозғалыстың басқа өкілдерімен жүздесіп, өзін оларға таныстырып өтеді.


1907 жылы ізінше Мыржақыптың «Серке» газетіне «Жастарға» деген өлеңі басылады. «Серке» газетінің екінші номеріне «Біздің мақсатымыз» атты мақаласы шығуына тосқауыл құрылып, екінші нөмір шықпай қалған. Байқап отырғанымыздай, Алаш қайраткерлеріне тар жол тайғақ кешу, тосқауылды кедергілер аз болмағаны Мыржақып Дулатовтың мақалаларының басылуының өзі мәселелік тудырып келген [1, р. 23-67].

Абай Құнанбайұлы, Ыбрай Алтынсарин сияқты білімнің шыңына бүкіл халқын жоғары өрге ынтыландыру үдесіне шығаруды мақсат тұтқан аға буын армандарын Мыржақып Дулатов жылдың мезгілдерін «табиғат → адам → қоғам» интеграциясының трансформациясы сыңайында ғақлия өрнегімен педагогикалық негізде ұсынуы – болашақ ұрпаққа рухани нәр. Мыржақып Дулатовтың «Жаз» ғақлиясында психологиялық – педагогикалық негіздерін төмендегідей матрицаға салып назар аударсақ, суггестивті сурет көз алдымызға келеді.



1-Матрица – Жаздың суггестивті келбеті

Мектептегі білім алушылардың мәтіндемені нұсқалы тұрғыда қабылдауларына білім мазмұнын ұстаздар жаңа технологиялармен жаңғыртудың алгоритмдік парадигмасы жоғарыда трансформациямен берілген матрицада көрсетіледі [2, р. 362]. Бұл «Табиғат» көрінісінің 6 құрам-бөліктері. Екінші топтамада жеке адамдарға қатысты жаздың суггестивті суретінің матрицасын құрдық.



2-Матрица – Жаз шығар кезіндегі жеке адамдардың өмірге құштарлығының оянуы.

№ 2 Матрица «Адам» топтамасындағы суггестивті суреттің мінез-құлыққа қатыстылығын аңғарамыз. XIX ғасырда үйреншікті өмір сүру салтынан отырықшылыққа мәжбүр болған қазақ елінің аянышты хал-ахуалын автор ғақлиямен жарық даланы көрмей, ауруға шалдыққан карт адамдардың, жас адамдардың да денсаулығына зақым келгендердің мүшкіл жағдайларын көз алдымызға құбылыс ретінде келтіру – суггестивті сурет [3, р. 14].

«Суггестив» – психологиялық ұғым. Міржақып Дулатовтың бұл ғақлиясын орысшаға аударып, қазақ елі бүкіл өмір жолдары осындай нашар халде болған деген түйіндеме бүгінгі таңға дейін жалғасып келеді. Оның басты себебі Ресей империясының сыртқы саясатының кесірі екенін анықтап айтып, алтыннан киім киген қазақ халқы орта ғасырдан XIX ғасырда жоғарыдағыдай адам айтса нанғысыз жағдайға душар болғанын Міржақып

Дулатов алғаш рет ғақлиямен 4 мезгілді білім философиясымен келтіргені бүгінгі мүддемізге сәйкес екені сөзсіз [4, р. 20].

Үшінші топтамада «Қоғам» мәселесінің алгоритмін матрицаға салып ұсынып отырмыз.

Қазақ халқының нақ бір байларынікі болмаса, қысқы үйлері канлай напан			
Халық қараңғы иісті қыстауларынан шығып, киіз үйлерін тіккен.	Егіншілер соқа-сайманын түзеп, жер жыртуға шығады.	Мал көкке тойды. Жұрт бие байлады	Балаларда жас құлындарды желіге оралып қалмасын деп күзетіуде
Қоғамның халықтың құрайды	жай-күйін әлеуметтік	жалпы жағдайы	

3-Матрица – Қоғамның жаз айындағы сугестивті суреті

Білім алушылармен жұмыс жүргізуде аталып отырған матрицаларды ұстаз үйінде даярлап апарарды, бірақ оны даяр күйінде таратпайды. Тапсырманы осындай матрицалар құрғызуға лайықтап беріп, артынан ықтимал жауаппен жеке-жеке ұстазымен тексеру жүргізіледі. Ойлау өнерін тек осындай жұмыс жүргізумен өркендету мүмкіндігі ескеріледі. Бұл орайда, инновациялық технологияны іске асыру үдерісінде білім алушылардың түсінбейтін ұғымдарын жасырмай айтуларына қолайлы жағдай туғызу көзделеді [5, р. 20].

Біздер «Жаз» ғақлиясын жеке бөліп көрсетуді жөн көрдік. Себебі Міржақып Дулатов «Жаз» мезгілінің «Жазғы кеші», «Шілдесі» сияқты құрам-бөлшектерін жіктеген. Сонда «Көктем» мерзімі алғашқы «Жаздың» басымен сугестивті суретпен қисындық мәнде келген. Бұл, жағдайда, Абай

Құнанбайұлының 4 мерзімі түгелдей өлең өрнегімен өрілсе, Міржақып Дулатовтың ғақлиясында Жаздың басы, Жаздың кешкі уақыты, Шілде сияқты суггестивті суреті ұсынылған. Бұл құрам бөліктерін таксономияға салуды дұрыс дер есептедік [6, р. 302-399].

Жазғы кештің таксономия түзілімі:

Күн батты, үйге қайтатын уақыт жетті;

Бір түп қурайдың тұсынан көктің жиегі мұнарланып көрінеді.

Бұл не? (риторикалық сұрақ) Өрт пе? ... Жоқ, туып келе жатқан ай;

Міне, біз де ауылға келдік, жер ошақ басындағы сүт пісіріп отырған әжелерді таныдым.

Суггестивтің нақ өзі. Осы құбылыстан ауылда өскен адамның кимас балалық шағы елестеп, көрген қиындықтарын есіне де алмай, еліне деген сағыныш сезімі оянары сөзсіз.

Келесі құрам «Шілде».

Күзге бір сүйем қалған кез ол – шілде айы. Күннің ұзындығы, түннің қысқалығы бұл ғақлияның экспозициясы. Адамға күннің ыстығы, құмның қызуы қатты әсер ететіні;

Қазақ мінілмеген, жұмысқа салынбаған малды семірту – дәстүрдің ерекшелігі;

Желідегі құлындар ғана жүдеген, қабырғалары ырсыып тұратыны;

Қымыз мол, қозы піскен. Ел жайлауда, адамдар бір-бірін қонақ қылып, қазақ елінің алтын дәстүрін жүдеу тұрмысына қарамай жалғастыруда;

Этникалық салт-дәстүрлерінің көрінісі қыз ұзату, ұлды болу секілді болашақ өмір өкілдеріне той арнау, ат шабыс, күрес ұйымдастыруы;

Тәуелсіз кезінде, империялық бодандықтан бұрын қазақ халқы қыстақтарынан жүз елу, екі жүз шақырым жерлерге жайлау іздеп кететіні;

Үлкендер сол бір бақытты кездерін сағынып, оның келмеске кеткеніне күрсініп, мойынұсынаыны;

Шөп шауып, шабындыққа баратын сәт те осы шілденің орта шенінен басталатыны [7, р. 5];

Шөпті қазақтар бел орақпен шабатыны;

Оқудағы балалар жаздай қымыз ішіп, тынығып, енді сабаққа бару керектігін ескеретіні.

Қорыта келгенде, Жаздың екі құрам-бөліктерінің біріншісінде 3 түзілім, ал екінші құрам-бөлігінде 10 түзілім интерпретацияланды. Алгоритмдік парадигмамен білім мазмұнын меңгерудің технологиясы – ұстаздың ықтимал жауаптарын компьютерге салып, программалық технологияны білім алушылардың меңгерулеріне қолайлы жағдай туғызу үдерісі теориялық негізге салынды.

Алдыңғы 2 топтамаға 3 топтама 4 мезгілдің Күзін Міржақып Дулатов ғақлия жанрымен жазғанын біздер № 3 матрицамен ұсынып отырмыз [8, р. 8].



4-Матрица – «Күз» мезгілінің суггестивті көрінісі

Автор күз мезгілінде арық мал мен жұқа киімді адамдарды тондыра бастады деген салыстырмалы сурет арқылы әлеуметтік тауқыметті көз алдымызға келтіріп тұр.

«Қыс» мезгілін Міржақып Дулатовтың желтоқсан айындағы қардың қалың жауу үдерісінен бастайды. Алдыңғы мезгіл көріністеріндегі білім мен тәрбиенің біртұтас жүйесін суггестивті тұрғыда санамызға түсірсек, төмендегідей матрица қырылады.

Қыстың басы – желтоқсан. Күн әбден қысқарған	Көзенді, көлді мұз қаптап, жұрт үстімен жүре бастады күннің көзі көрінсе де жылынбайды	Сабакқа баратын балалар да киналады.
	Өзенді, көлді мұз қаптап, жұрт үстімен жүре бастады	
	Қалың қардан шөптің басы көрінбейді. Үскірік борандар да аз емес	
	Құстар қара орман ішінде көрінбейді. Қоян жасырынып, түнде ғана жүгіріп жас ағаштарды кеміріп жүр.	
	Үй иелері малдарын бағып, жайлап жүргенімен, оларға қыс жайсыз.	
	Адамның үй салып, қорғанып жүргенімен, үйлеріне от жакқанымен, күнделікті жұмыстарынан қала алмайды.	
	Жылқышылар боран демей, далада жылқы бағып, ракат өмірі жок.	

5-Матрица – Автордың түйіні: Қыс қысыл, жаз жазыл.

«Қыс» мезгілін арық мал мен жұқа киімді адамдарды тондыра басстады деген салыстырмасы сурет арқылы әлеуметтік тауқметті көз алдымызға келтіріп тұр [9, р. 28].

Қалған жолдар арқылы күз қыс түспей тұрып, ауыл адамдарының күзеуін түзеп астығын жинап, биелерін ағытып, пысық адамдар желі – ноктасын кептіріп алды деген құбылыстар арқылы қыстақтарына бару үшін оны түзету мәселесін білдіреді. Осы орайда, қазіргі білім алушыларға «күзеу», «қыстақ», «желі-ноқта» тағы басқа ұғымдар таныс еместігін ескеру көзделеді. Психология ілімінде бұл құбылысты «суггестив» деп атаудағы мән ол қойылым болмасын сөз сапасындағы өрнектелген құбылысты білімалушылар көз алдына сол қалпында келтіруі тиіс дегенге саяды. Жоғарыдағы адамдардың әлеуметтік хал-ахуалдары табиғат көріністерімен параллель алуының өзі филология + психология + педагогика әлеуметтану және т.б. ғылымаралық байланысты айқындайды.

Нәтижелері және талқылау

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев ауылдың мәртебесін көтеру алдыңғы глобалды мақсат екенін ескерсек, білім философиясының негізгі ұстанымы ауыл адамдарының қандай қиындықта өмір сүрулерінен өткен өмір тынысынан М. Дулатов 4 мезгілді суггестивтік құбылыспен, ғақлия мәнінде суреттеуі жасөспірімдердің болашақта ел тағдырының киналмай өмір сүрулеріне көмек. Білім алушыларға «Эссе» жазғызу шығарманың ұлттық тұсын еңбекке тиімді қолданылуы дегенді түсіндіреді [10, р. 10-23].

Әлихан Бөкейханов пен Ахмет Байтұрсынов мектебінен рухани нәр алған Міржақып Дулатов оны кеңейтіп, проза мен поэзия жанрларымен, өз елінің басына түскен қиындықтарын жоюдың барлық амалы- білім мен ғылымды қатар меңгеріп, оны ізгілікті гумандық тұрғыда жүзеге асыру үдерісін шығармалары арқылы ұсынған. Педагогика мен психология ғылымына сіңірген еңбегі - 1909 жылы Абай өлеңдерінің алғашқы жинағы.

Екіншісі – Крылов шығармаларынан жедел аударылған Ахмет Байтұрсыновтың «Қырық мысалы». Үшіншісі – өзінің жазған еңбегі – «Оян қазақ». Осындай сүбелі еңбектеріне көз тіккен патша өкілдерінің тарапынан қуғын- сүргінге тап болды. Ұстаздық мәртебесіне тыйым салынып, туған жерінен Омбы жаққа, Ақмола облысындағы Қызылжарға көшеді. «Оян қазақ» еңбегін де конфескеленеді. Жекелеген адамдардың балаларына орыс тілін үйретіп, Мағжанға да ықпалы тигені байқалады.

Патша әкімшілігіне аталған Алаш қайраткерлерінің еңбегі қалай белгілі болды екен деген біздердің айтылмай жүрген риторикалық сұрағымызға жауап табылмай келеді. Тек өз-өзімізге осындай сұрақ қоюмен шектелуіміз, қазақ халқының болашақтағы өркендеуіне қандай әсері болар екен?!.....

Міржақып Дулатовтың еңбегіндегі жыл мезгіліндегі психологиялық және педагогикалық негіздерін саралауды ұстаздар алдын-ала құрылым-жүйеге салып, оның матрицасы мен түзілімін алгоритмдеуі білім алушылардың интеллектуалды әлеутінің деңгейлігін айқындауға ықпал етеді.

Бұл орайда, ұстаз алдын-ала әзірлеген материалдарынан проблемалық-зерттеушілік сұрақтарын даярлайды. Оның түпнұсқасы төмендегідей:

1) Міржақып Дулатовтың жыл мезгілдерін ғақлия жанрымен жазудағы ұстанымына қандай пайымдама айтасыз?

2) «Жаз» тақырыбындағы еңбегінің ерекшелігі неде?

3) Табиғат пен адам арасындағы әлеуметтік мәселе жайлы қандай ой түйдіңіз?

4) Қоғамдағы адамдардың мінез-құлықтарының өзгеруі сыртқы әрекеттен екеніне дәлелдер келтіріңіз?

- 5) Адамдардың мүшкіл хал-ахуалдарының себептерін қалай ашасыз?
- 6) Қоғам және халықтық әлеуметтік жағдайын автор қалай суреттеген?
- 7) «Жазғы кеш» көрінісін түзілімге салып көрсете аласыз ба?

Осы жоғарыдағы жеті проблемалы-зерттеушілік сұрақтарға эксперименттің анықтаушы кезеңінде мектеп атындағы жалпы орта білім беру мектебінің білім алушылары жауап бере алмады [11, р. 2].

Қалыптастырушы мен бақлау кезеңінде ұстаз өзінің алдын-ала даярлаған материалынан нұсқаулық жасайды. Бұл орайда, білім алушылар ұстаз даярлаған материалдың 20 % ғана меңгеріп, қалған 80 % өздігінен орындайды. Бақылау тобына 28 білім алушылар эксперимент тобына 28 % білім алушылар қатысты. Бұл эксперименттің көрсеткіші кесте № 1 де –қорытылды.

1-Кесте

Денгейлік-тері	Эксперимент тобының анықтаушы кезеңінің бастапқы көрсеткіші	Эксперимент тобының анықтаушы кезеңінің соңғы көрсеткіші	Эксперимент тобының анықтаушы кезеңінің бастапқы көрсеткіші	Эксперимент тобының анықтаушы кезеңінің соңғы көрсеткіші
Проблемалық зерттеушілік	8,8 %	12,8 %	7 %	7,5 %
Шығармашылық	5,6 %	9,5 %	4,9 %	3,5 %
Креативтік	2,5 %	3,9 %	2 %	4,2 %

Қорыта келгенде алдыңғы эксперименттің анықтаушы кезеңінде Міржақып Дулатовтың шығармашылығындағы жыл мезгілдерінің психологиялық және педагогикалық негіздерін анықтай алмаса, ұстаздың нұсқаулығынан кейін әжептәуір алға ілгерілеушілікті байқаймыз,

Денгейліктерінің индикаторларының қорытындысында проблемалық зерттеушілік, шығармашылық, креативтікке көтерілгені анықталды [12].

Міржақып Дулатовтың еңбегіндегі адал адам болу мүмкіндігінің педагогикалық негіздерін талдау барысында, оны қазақ ағартушыларының басқа өкілдерімен салыстыру өте маңызды. Мысалы, мынадай ағартушылармен салыстыруға болады:

1 Абай Құнанбаев: Абайдың шығармаларында адамгершілік, адалдық, білім мен тәрбие мәселелері терең қарастырылған. Ол жастарды білім

алуға, адал болуға, өз-өзін дамытуға шақырды. Дулатовтың педагогикалық көзқарастары Абайдың адамгершілік философиясымен үндеседі.

2 Ыбырай Алтынсарин: Ыбырай қазақ мектептерін ашып, білім беру жүйесін дамытуға үлкен үлес қосты. Оның «адам бол» деген ұстанымы Дулатовтың адал адам болу концепциясымен тығыз байланысты. Ыбырайдың педагогикалық әдістері мен Дулатовтың көзқарастары арасында сабақтастық бар.

3 Шоқан Уәлиханов: Шоқанның ғылыми және мәдени мұрасы, оның адамгершілік, адалдық, білім мен ғылымға деген көзқарастары Дулатовтың педагогикалық идеяларымен параллель жүреді. Шоқанның зерттеулері мен Дулатовтың ағартушылық қызметі қазақ қоғамының дамуына бағытталған.

4 Мұхтар Әуезов: Әуезовтің шығармаларында адамгершілік, адалдық, ұлттық сана-сезім мәселелері терең талданады. Дулатовтың педагогикалық көзқарастары мен Әуезовтің әдебиеттегі адамгершілік мәселелері арасындағы байланыс қызықты зерттеу нысаны бола алады.

Осы ағартушылардың әрқайсысының еңбектері мен көзқарастары Дулатовтың адал адам болу мүмкіндігі туралы педагогикалық негіздерін тереңірек түсінуге көмектеседі.

Міржақып Дулатов – қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі, қоғам қайраткері, ағартушы. Оның шығармаларында адалдық, әділдік, адамгершілік сияқты құндылықтар маңызды орын алады. Дулатовтың еңбектерінде адалдық ұғымы көбінесе ұлттық сана-сезімді ояту, халықтың мәдениеті мен білімін көтеру мақсатында қарастырылады.

Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романы мен басқа да шығармаларында адалдықтың әлеуметтік және моральдық аспектілері терең талданады. Ол адалдықты тек жеке адамның қасиеті ретінде емес, қоғамның дамуы мен прогресінің негізі ретінде көрсетеді. Адалдық, әділдік және шыншылдық – Дулатовтың идеалдары, олар арқылы ол қазақ халқының болашағын жарқын етуге ұмтылды.

Сонымен қатар, Дулатовтың шығармаларында адалдықтың маңызына ерекше назар аударылып, жастарды адал болуға, білім алуға және өз халқының мүддесін қорғауға шақырады. Адалдық – бұл тек жеке тұлғаның қасиеті емес, сонымен қатар қоғамның тұрақтылығы мен дамуы үшін қажетті негіз.

Қорытынды

Білім кеңістігінде психологияның «суггестивті» құбылысы әдеби шығармалардан сараланбай келді. Міржақып Дулатовтың жылдың 4 мезгіліндегі табиғаттың адамдарға тигізер ықпалы айқын суреттеліп, қоғамдағы туып жатқан мәселелердің әлеуметтік жағдайлары анықталып отырғаны зерделенген. Нақтылап айтсақ, адамдардың психологиялық

дағдарыстары, педагогикалық негіздерінің айқын көрінісі – еңбекке төзімділік, қиын ситуациялардан ептілікпен шығу, амалдарын табу, тұрақтылық және т.б. «адал адам» формуласына түсу ортаға байланысты.

Метаметодика тұрғысында әдебиет, оның тәлімдік мәні, шығармалардың педагогикалық қарымы, адамдардың психологиялық жағдайы, автордың суггестивтік шеберлігі сияқты пәндердің ғылымилығының интеграциясы бұл еңбектің көкейкестілігін, жаңалығын айғақтайды.

Зерттеу нәтижесінде, Міржақып Дулатовтың педагогикалық көзқарастары мен принциптері жастарды адалдық, жауапкершілік, және азаматтық сана-сезімді қалыптастыруда маңызды рөл атқаратыны анықталды. Оның еңбектерінде адамгершілік, білім мен тәрбие, ұлттық сана-сезімнің маңызы ерекше атап көрсетілген.

Дулатовтың педагогикалық мұрасы жастарға адалдық, еңбекқорлық, және қоғамға қызмет ету сияқты құндылықтарды сіңіруге бағытталған. Бұл құндылықтарды тәрбиелеу арқылы жастардың тұлғалық дамуына, әлеуметтік жауапкершіліктерін арттыруға, және қоғамда белсенді азаматтар ретінде қалыптасуына ықпал етеді.

Сондықтан, Міржақып Дулатовтың педагогикалық мұрасын зерттеу қазіргі қоғамда жастарды адал, жауапкершілікті азаматтар етіп тәрбиелеудің тиімді жолдарын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл зерттеу нәтижелері білім беру жүйесінде, тәрбие процесінде, және жастармен жұмыс істейтін ұйымдарда қолданылуы тиіс.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 Дулатов, М. «Оян, қазақ»! : роман, өлең-жырлар, әңгімелер / М. Дулатов; құраст. Н. Ақбай. – Алматы : Атамұра, 2003. – 192-б. – (Атамұра кітапханасы)

2 Елім деп соққан ұлы жүрек. «Ұлы тұлғалар» ғылыми-ғұмырнамалық серия. – Алматы, 2002. – 362-б.

3 Әлім, Қ. Жасындай жарқыл: М. Дулатұлының жетінші атасы Мадияр Жауғаштыұлының тағдыр-талайы туралы түйін / Қ. Әлім // Егемен Қазақстан. – 2009, 29 шілде. – 14-б.

4 Жүсіп, Қ. VIII сыныпта өлең оқыту: [Міржақып Дулатовтың «Елім-ай», Ілияс Жансүгіровтің «Жетісу суреттері» әлеңі бойынша] / Қ. Жүсіп // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2006. – № 6. – 3–8. – 20-б.

5 Жұмабаев, Н. Міржақыптың есімі ғасырлар жасайды [Мәтін] : М. Дулатов туралы / Н. Жұмабаев // Қостанай таңы. – 2004, 24 қараша.

6 Қазақтың ұлттық ояну философиясы // Қазақ халқының философиялық мұрасы. Жиырма томдық. 11 т.: XX ғасыр басындағы қазақ

философиясы. – Астана, 2008. – 302–399-б. – (Мәдени мұра).

7 **Қирабаев, С.** Алашорда және қазақ әдебиеті /С. Қирабаев// Егемен Қазақстан. – 2007, 7 қараша. – 5-б.

8 **Оспанов, С.** Жанашырлықтан туған жан айқайы: [М. Дулатов – 125 жыл] / С. Оспанов // Жас өркен. – Костанай. – 2010. – № 3. – 12–15-б.

9 Творчество М. Дулатова в историко-литературном процессе начала XX века: автореферат дис. ... кандидата филологических наук: 10.01.03 / Ин-т литературы и искусства. – Алма-Ата, 1991. – 28 с.

10 Тарихи тұлғалар. Танымдық – көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған / Құрастырушылар : Тоғысбаев Б., Сужикова А. – Алматы : «Алматы кітап баспасы», 2009.

11 **Wlodkowski, R. J.** Enhancing adult motivation to learn: A comprehensive guide for teaching all adults / R.J. Wlodkowski // San Francisco: Jossey-Bass. – 1999. – P. 2

12 **Martin, A., Collie, Re., Malmberg, L.** Exploring the roles of academic, personal, and cultural demands and resources in immigrant students' motivation, engagement, and achievement // Learning and Instruction. – 2024. – Vol. 92. – P. 1–13.

References

1 **Dulatov, M.** «Prosnis', kazah»!: roman, stihi, rasskazy / M. Dulatov; sostavil N. Akbay. [«Wake up, Kazakh»!: novel, poems, stories / M. Dulatov; made up N. Akbay] – Almaty : Atamura, 2003. – 192 p. – (Biblioteka Atamury)

2 Bol'shoe serdce, kotoroe b'etsya za moyu stranu. Nauchno-dokumental'nyy serial «Velikie lichnosti». [A great heart that beats for my country. “Great personalities” scientific-documentary series]. – Almaty, 2002. – 362 p.

3 **Alim, K.** Iskrit'sya, kak yunost': M. Kratkoe izlozhenie sud'by sed'mogo deda Dulatuly Madiyara Zhavashtyul'y / K. Alim // Nezavisimyy Kazakhstan. [Sparkle like youth: M. Summary of the fate of Dulatuly's seventh grandfather Madiyar Zhavashtyuly / K. Alim]. – 2009, 29 iyulya. – 14 p.

4 **Yusuf, K.** Prepodavanie poezii v 8 klasse: po motivam «Elim-aj» Mirzhakipa Dulatova, «Kartiny uspekha» Il'yasa Zhansugirova / K. Yusup// Kazahskiy yazyk i literatura [Yusuf, K. Teaching poetry in the 8th grade: based on “Elim-ay” by Mirzhakip Dulatov, “Pictures of Success” by Ilyas Zhansugirov] - 2006. – № 6. – 3–8. – P. 20.

5 **Zhumabaev, N.** Imya Mirzhakypa tvorit veka [Text]: M. O Dulatove / N. Zhumabaev// Kostanajskoe utro. [Mirjakyp's name creates centuries [Text]: M. About Dulatov / N. Zhumabayev// Kostanai morning]. – 2004, 24 November.

6 Filosofiya kazahskogo nacional'nogo probuzhdeniya // Filosofskoe nasledie kazahskogo naroda. Dvadcat' toмов. Vol. 11 : Kazahskaya filosofiya v nachale 20 veka [Kazakh philosophy of national awakening // Philosophical heritage of the

Kazakh people. Twenty volumes. Vol. 11: Kazakh philosophy at the beginning of the 20th century] – Astana, 2008. – P. 302–399 (Kul'turnoe nasledie).

7 **Kirabaev, S.** Alashorda i kazahskaya literatura / S. Kirabayev // Nezavisimyj Kazakhstan. [Alashorda and Kazakh literature / S. Kirabayev // Independent Kazakhstan]. – 2007, 7 November. – 5 p.

8 **Ospanov, S.** Krik dushi, rozhdennoj sostradaniem: M. Dulatov – 125 let [The cry of the soul born of compassion: M. Dulatov – 125 years] / S. Ospanov // Jas orken. – Kostanaj. – 2010 – № 3. – P. 12–15.

9 Tvorchestvo M. Dulatova v istoriko-literaturnom processe nachala HKH veka: avtoref. ... kandidat filologicheskikh nauk: 10.01.03 [M. Dulatov's work in the historical and literary process of the early 20th century: Abstract of the thesis. ... candidate of philological sciences] / Institut literatury i iskusstva. – Alma-Ata, 1991. – 28 p.

10 Istoricheskie lichnosti. Znaniya yavlyayutsya obshchedostupnoj publikaciej. Prednaznachen dlya uchashchihsya shkol'nogo vozrasta i shirokoj publiki / Sostavitel': Togysbaev B., Suzhikova A. [Historical figures. Knowledge is a public publication. Intended for school age students and the general public / Compiler: Togysbaev B., Suzhikova A.] – Almaty : Almaty kitap, 2009

11 **Wlodkowski, R. J.** Enhancing adult motivation to learn: A comprehensive guide for teaching all adults / R.J. Wlodkowski // San Francisco: Jossey-Bass. – 1999. – P. 2.

12 **Martin, A., Collie, Re., Malmberg, L.** Exploring the roles of academic, personal, and cultural demands and resources in immigrant students' motivation, engagement, and achievement // Learning and Instruction. – 2024. – Vol. 92. – P. 1–13

10.04.25 ж. баспаға түсті.

29.04.25 ж. түзетулерімен түсті.

08.05.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

Е. Жуматаева¹, Г. Ж. Анесова², *А. Ж. Анесова³,

Ж. Ж. Кусаинова⁴, Н. С. Кожамкулова⁵

^{1,2}Торайгыров университет,

Республика Казахстан, г. Павлодар;

³СОШ имени К. Бекхожина,

Республика Казахстан, г. Павлодар;

⁴КазНМУ имени С. Ж. Асфендиярова,

Республика Казахстан, г. Алматы;

⁵Алматинский гуманитарно-экономический университет,

Республика Казахстан, г. Алматы.

Поступило в редакцию 10.04.25.

Поступило с исправлениями 29.04.25.

Принято в печать 08.05.25.

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ОСНОВАНИЯ БЫТЬ ПРАВДИВЫМ ЧЕЛОВЕКОМ В ТРУДАХ МИРЖАКЫПА ДУЛАТОВА

В данной статье важно было создать вариант обучения работы Миржакыпа Дулатова с инновационными технологиями учащихся школы, определить его роль в создании мира добродетельной души с инновационными технологиями. Миржакып Дулатов, способствовавший защите интересов страны алашскими деятелями, использовал свои труды для улучшения благосостояния своего народа, для решения насущных проблем, как улучшить состояние своей страны, отошедшей от старого традиционный образ жизни. Было замечено, что такая работа началась в 1904 году в городе Омби, центре интеллектуальной общественности Арки. Приоритет публикуемой статьи в том, что она связывает времена года с жизнью человека и изображает силу природы в суггестивной манере, отличается от идей в стихах Абая Кунанбайұлы и Ыбрая Алтынсарина жанром в прозаическом смысле, пункты, соответствующие формуле учения и добродетельной души, и пункты, противоречащие ей, вынесены в матрицу, таксономию из текстов, определены психолого-педагогические основы. Автор видит летний месяц после зимнего во внутреннем значении понятия «Весна». По второму алгоритму стихотворение «Летний вечер» – это само настоящее лето, «Июль» – пик летнего месяца. Дифференцированы психологические условия, социокультурный, образовательный уровни в сборнике «Природа – общество – человек». По следующему алгоритму в статье с помощью

матрицы и герменевтического метода раскрывается влияние сезона «Осень» на людей, и путь его преодоления – честный труд. Сезон «Зима» описывает защиту людей от гнева природы, а использование народной мудрости рода человеческого «Зима холодна, лето сухо» доказывает феномен этого произведения.

Ключевые слова: деятели, нация, идея, общество, философия, природа, суггестив, правдивый человек.

*E. Zhumataeva¹, G. Zh. Anessova², *A. Zh. Anessova³,*

J. J. Kusainova⁴, N. S. Kozhamkulova⁵

^{1,2}Toraighyrov University,

Republic of Kazakhstan, Pavlodar;

³K. Bekkhozhin Secondary School

Republic of Kazakhstan, Pavlodar;

⁴Kazakh National Medical University named after S.D. Asfendiyarov,

Republic of Kazakhstan, Almaty;

⁵Almaty Humanitarian and Economic University,

Republic of Kazakhstan, Almaty.

Received 10.04.25.

Received in revised form 29.04.25.

Accepted for publication 08.05.25.

PEDAGOGICAL BASIS FOR BEING A TRUTHFUL PERSON IN THE WORKS OF MIRZHAKYP DULATOV

In this article, it was important to create an option for teaching the work of Mirzhakyp Dulatov with innovative technologies to school students, to determine his role in creating the world of a virtuous soul with innovative technologies. Mirzhakyp Dulatov, who contributed to the protection of the interests of the country by Alash figures, used his work to improve the well-being of his people, to solve pressing problems, how to improve the condition of his country, which had moved away from the old traditional way of life. It has been noted that such work began in 1904 in the city of Ombi, the center of the intellectual community of Arka. The priority of the published article is that it connects the seasons with human life and depicts the power of nature in a suggestive manner, differs from the ideas in the poems of Abai Kunanbayuly and Ybray Altynsarin by genre in a prosaic sense, points corresponding to the formula of teaching and a virtuous soul, and points that contradict her, taken out in the matrix, the

taxonomy of the texts, the psychological and pedagogical foundations are determined. The author sees the summer month after the winter month in the inner meaning of the concept of «Spring». According to the second algorithm, the poem «Summer Evening» is the real summer itself, «July» is the peak of the summer month. Differentiated psychological conditions, socio-cultural, educational levels in the collection «Nature – Society – Man». According to the following algorithm, the article, using the matrix and the hermeneutic method, reveals the influence of the Autumn season on people, and the way to overcome it is honest work. The season «Winter» describes the protection of people from the wrath of nature, and the use of the folk wisdom of the human race «Winter is cold, summer is dry» proves the phenomenon of this work.

Keywords: figures, nation, idea, society, philosophy, nature, suggestive, truthful man.

Теруге 12.05.2025 ж. жіберілді. Басуға 30.06.2025 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

9,42 Kb RAM

Шартты баспа табағы 32,63.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. Ж. Шокубаева

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Қожас

Тапсырыс № 4404

Сдано в набор 12.05.2025 г. Подписано в печать 30.06.2025 г.

Электронное издание

9,42 Kb RAM

Усл.п.л. 32,63. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. Ж. Шокубаева

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Қожас

Заказ № 4404

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.pedagogic-vestnik.tou.edu.kz